

ТМД қатысушы мемлекеттердің кәсіпорындары және салаларының өндірістік кооперациясын дамытудың жалпы жағдайлары және қолдау тетігі туралы Келісімге сәйкес Қазақстан Республикасы кеден шекарасы арқылы тауарларды өткізу тәртібі туралы Ереже

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті жанындағы Кеден комитеті 1995 жылғы 2 қазандағы N 132-П Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1995 жылғы 7 қарашада N 126 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігі Кеден комитеті төрағасының 2001 жылғы 15 ақпандағы N 51 бұйрығымен. ~V011441

1 . Ж а л п ы е р е ж е л е р

1.1. Осы Ереже Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 04.07.95 ж. N 914 "Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы - мемлекеттер кәсіпорындарының өндірістік кооперацияларын дамыту және жалпы жағдайлары туралы Келісімді орындауды қамтамасыз ету бойынша шаралар туралы және осы Келісімді жүзеге асыру тетігі туралы Хаттама" (бұдан әрі - тиісті Келісім және Х а т т а м а) .

1.2. О с ы Е р е ж е д е т ү с і н і л е д і :

тауарларды айырбастайтын - шикізат, материалдар, тораптар, қосалқы бөлшектер, жартылай даяр өнімдер, жартылай өңделген өнімдер, құрастырушы және соңғы өнімдерді бірлесіп дайындау және салалық басқа өнімдер және салалық (салааралық) келісімдер негізінде жеткізілетін:

уәкілдігі бар адамдар ретінде - салалық және (салааралық) келісімдерді жүзеге асыру бойынша жеке функцияларды орындауға Қазақстан Республикасы атқарушы өкіметі органдарынан уәкілдігі бар кәсіпорындар немесе ұйымдар.

1.3. Осы ереженің күші қарулану және әскери техника өндірісі үшін белгіленген арнаулы құрастырушы бұйымдарға қолданылмайды.

2. Тауарларды өткізу тәртібі

2.1. Тауарларды өткізу қазақ кәсіпорындары және ТМД-ға қатысушы елдерде орналасқан кәсіпорындар арасында жасалынған шарттарға (келісім шарттарға) сәйкес, өндірістік кооперация туралы салалық (салааралық) келісімдер (бұдан әрі - салалық келісімдер) негізінде жүзеге асырылады.

2.2. Қазақстан Республикасы жағынан салалық келісімдерді жасау және

жүзеге асыру жауапкершілігі атқарушы өкіметтің мемлекеттік органдарына жүктеледі. Көрсетілген келісімдерді мына кәсіпорындар бойынша:

кен-металлургиялық, химиялық, мұнайхимия, машина жасау, және қорғаныс кешендері (азаматтық өнімдер бойынша), жеңіл, орман, ағаш өңдеу өнеркәсібінің , сауда бойынша - Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және сауда министрлігі;

Отын - энергетикалық кешені, оның ішінде атом өнеркәсібі және атом энергетикасының кәсіпорындары бойынша - Қазақстан Республикасы Энергетика және көмір өнеркәсібі министрлігі;

мұнайгаз кешені - Қазақстан Республикасының Мұнай және газ өнеркәсібі м и н и с т р л і г і ;

көлік және байланыс - Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі;

құрылыс кешені - Қазақстан Республикасының Құрылыс, тұрғын үй және аумақтық құрылыстар министрлігі;

мал өнімдерін ұқсату бойынша - Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі жасайды:

Салалық келісімдерді ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің атқарушы өкіметінің жоғарыда көрсетілген органдары жасайды.

Типтік салалық келісімнің үлгісі осы Ереженің 1 Қосымшасында келтірілген.

2.3. Салалық келісімдер тікелей атқарушы өкіметтің органдары, оның ішінде осындай органдардың өкілетті адамдары арқылы жүзеге асырылады. Салалық келісімдерді жүзеге асыру бойынша жекелеген функцияларды орындауға адамдардың өкілдігі атқарушы өкімет органының хатымен расталады.

2.4. Салалық келісімдерге жеткізілімді жүзеге асырушы кәсіпорындардың тізімдерін, квоталанған, лицензияланған, стратегиялық маңызды және еркін сауда режимінен алып тастауға жататын тауарлар бөлігінде Қазақстан Республикасы Экономика министрлігі және Өнеркәсіп және сауда министрлігімен келісілген көлемін көрсете отырып, тауарлар тізімдерін өндіруі т и і с .

2.5. Атқарушы өкімет органдары немесе олардың өкілетті адамдары салалық келісімдерге және олардың негізінде кәсіпорындар арасында жасалған шарттарға (келісім-шарттарға) сәйкес осы Ереженің 2 Қосымшасында келтірілген нысан бойынша тауарлар тізімін қалыптастырады.

2.6. Салалық келісімдер шегінде жеткізілген шикізаттарды, материалдарды және құрастырушы өнімдерді үшінші елге осы тауарларды әкету жүргізілген кеден аумағынан мемлекеттің өкілетті органының жазбаша келісімінсіз әкетуге ж а т п а й д ы .

3. Тауарларды кедендік ресімдеу тәртібі

3.1. Салалық келісімдер шегінде шекара арқылы өткізілетін тауарлар Қазақстан Республикасынан әкету кезінде экспорттың кедендік режимінде және Қазақстан Республикасына әкелу кезінде еркін айналым үшін шығарудың кедендік режимінде кедендік төлемдер және салықтарды төлемей-ақ о р н а л а с т ы р ы л а д ы .

3.2. Тауарларды кедендік ресімдеуді тауар қоюшы немесе тауар алушы қызметі аймағында орналасқан кедендік органдар осы Ереженің 3.3. тармағында көрсетілген ерекшеліктерді ескере отырып, жалпы белгіленген тәртіппен жү р г і з е д і .

3.3. Тауарларды кедендік ресімдеу кезінде кедендік жүк декларациясымен бір мезгілде кедендік ресімдеуді жүргізуші кеден органына атқарушы өкіметтің тиісті органы куәлендірген және Алматы қаласы мен Алматы облысы бойынша (бұдан әрі - Басқарма) кеден басқармасында тіркелген тауарлар тізімі ұсынылуы т и і с .

Кедендік жүк декларациясын толтыру кезінде "Қосымша ақпараттар / ұсынылатын құжаттар" 44 бағанда 5 нөмір астында "1993.23.12. Өндіріс кооперациясы келісіміне сәйкес" көрсетіледі.

4. Тауарлар тізімін тіркеу тәртібі

4.1. Үш данада жасалған тауарлардың тізімін салалық келісімдермен бірге атқарушы өкімет органдарының өкілетті адамдары Басқармаға ұсынады.

4.2. Басқарма тауарлар тізімін ұсынған адамның өкілеттілігін, атқарушы өкімет органдарының мөрін, салалық келісімдерде көрсетілген атаулар және сандардың сәйкестілігін, жасалған тізімнің дұрыстығын және бақылау үшін қажетті басқа да мәліметтерді тексереді.

4.3. Тауарлар тізімінде түзетулер болмауы керек. Тізімге қосымшалар 2.5. тармағында көрсетілген нысан бойынша қосымша тізімдер жасау жолымен өндіріледі. Қосымша тізімдер осы Ережеде көрсетілген тәртіппен тіркеуге ж а т а д ы .

4.4. Басқарма тауарлар тізімін тіркеуден мына жағдайларда бас тартуы м ү м к і н :

- тауарлар тізімі дұрыс ресімделмесе, толық болмаса, немесе түзетулері болса ;

- атауларда ерекшеліктер болса немесе тауарлар саны асып кетсе;

- өкілетті адам немесе оның құрылтайшылары кеден ережелерін бұзғаны үшін жауапкершілікке тартылса, сондай-ақ өкілетті адам өзіне жүктелген міндетті орындай алмайды деп ойлауға негіз болса (білікті адамдардың, қажетті

орындардың және ұйымдастыру техникасының болмауы, бұрынырақ қабылданған міндеттемелер бойынша есептерді ұсынбай немесе дер кезінде ұсынбай және т.б.)

Қазақстан Республикасының заңдарымен анықталған басқа да жағдайларда.

4.5. Салалық келісімді жүзеге асыру бойынша жекелеген функцияларды орындау уәкілдігі бар бірнеше адамға тапсырылса, уәкілдігі бар әрбір адамның тізімінде көрсетілген тауардың жалпы саны салалық келісімнің тауарлар тізімінде көрсетілген санынан аспауы керек.

4.6. Тізімдерді тіркеу Басқарма белгілеген нысан бойынша арнаулы журналда жүргізіледі.

4.7. Тіркеу тізімнің үш данасының әрбір парағында Басқарманың мөрін қою жолымен расталады. Тізімнің бір данасы уәкілдігі бар адамға қайтарылады, екіншісі - тиісті кеденге жіберіледі, үшіншісі - Басқармада қалады.

5. Тауарларды есепке алу тәртібі

5.1. Уәкілдігі бар адамдар Басқармаға тоқсан сайын өндіріс кооперациясы шегінде 3 қосымшада келтірілген нысан бойынша Қазақстан Республикасынан әкелілетін стратегиялық маңызды шикізат тауарлары жөнінде есептерді ұсынады, ал жыл сайын есеп берілетін жылдан кейінгі жылдың бірінші ақпанынан қалдырмай, әкелінетінін қоса отырып, барлық тауарлар жөнінде сол нысан бойынша жылдық есеп береді.

Есепті уәкілдігі бар адам және атқарушы өкіметтің тиісті органы куәлендіреді.

Басқарма ұсынылған мәліметтер негізінде жиынтық есеп қалыптастырады және оны Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті жанындағы Кеден комитетіне ұсынады.

5.2. Салалық келісімдер шегінде өткізілген тауарлардың жалпы есебін жүргізуді КЖД бойынша мәліметтер базасы негізінде Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Кеден комитеті КЖД бойынша мәліметтер базасы негізінде 4 Қосымшада келтірілген нысанмен Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Кеден комитетінің автоматтандыру және кеден статистикасы Басқармасы арқылы жүзеге асырады.

ТМД қатысушы мемлекеттердің

кәсіпорындары және салаларының

өндірістік кооперациясын
дамытудың жалпы жағдайлары
және қолдау тетігі туралы
Келісімге сәйкес Қазақстан
Республикасы кеден шекарасы
арқылы тауарларды өткізу тәртібі
туралы Ережеге
1 Қосымша

К Е Л І С І М

министрлік (ведомство) _____
(кәсіпорындар бірлестігі) _____
(Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы - мемлекет) және
министрлік (ведомство) _____
(кәсіпорындар бірлестігі) арасында _____

_____ (Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы - мемлекеттер)
мамандандырылған кәсіпорындар және өзара кооперацияланған
жеткізілімдерді сақтау туралы. Министрлік (ведомство) _____
_____ (кәсіпорындар
бірлестігі) _____ (Тәуелсіз Мемлекеттер
Достастығына қатысушы - мемлекеттер) және министрлік (ведомство)
_____ (кәсіпорындар
бірлестігі) _____ (Тәуелсіз

Мемлекеттер Достастығына қатысушы - мемлекеттер) (бұдан әрі - Жақтар деп аталады) 1993 жылғы 23 желтоқсандағы ТМД қатысушы мемлекеттердің кәсіпорындары және салаларының өндірістік кооперациясын дамытудың жалпы жағдайлары және қолдау тетігі туралы Келісім және осы келісімді жүзеге асыру тетігі туралы Хаттама негізінде өндірісті ұзақ мерзімге мамандандыруды және кооперациялауды сақтаудың және дамытудың маңыздылығына мән бере отырып, сондай-ақ салалы кәсіпорындар және ұйымдардың экономикалық достастығы үшін қолайлы жағдайда қамтамасыз ету мақсатымен төмендегілер туралы келісімге келді:

1 Б а п

Жақтар қалыптасқан мамандандыруды, сондай-ақ өнім өткеруді жасау, жүргізу мен үйлестіру, салалық мақсатта қызмет көрсету аяларындағы саланың кәсіпорындары мен ұйымдары арасындағы өндірістік және ғылыми-техникалық кооперацияны, сондай-ақ осы үшін қажетті шикізаттарды, материалдарды, жартылай дайын өнімдерді, құрастырушы бұйымдарды қоюды жүзеге асыру кезіндегі кооперацияны өзара тиімді негізде сақтауға міндеттенеді.

1 және 2 қосымшаларда атап көрсетілген өндірістің мамандандырылуын сақтаған кәсіпорындар тізімдері осы Келісімнің ажырамас бөлігін құрайды.

Осы Келісімнің күші бар кезеңде көрсетілген кәсіпорындар шығарған өнімдерді өндірістен алу тәртібі Жақтар арасындағы келісім бойынша анықталады.

2 Б а п

Жақтар өзара мүдделілік негізінде шаруашылық субъектілеріне меншіктің түрлі нысандарындағы бірлескен мемлекетаралық салалық шаруашылық ұйымдарын құруға және бірінші кезекте технологиялық өзара байланыс кәсіпорындардың қатысуымен көмектеседі.

3 Б а п

Жақтар тауарлардың кооперацияланған жеткізілімі және көрсетілетін қызметтер, Жақтар заңдарына сәйкес және Жақтардың шаруашылық жүргізуші субъектілері жасасқан келісім-шарттар (шарттар) негізінде осы Келісімнің ажырамас бөлігін құрайтын 3 және 4 қосымшаларда көрсетілген номенклатурасы және көлемі бойынша жүзеге асырылатындығына келісті.

Жақтардың шаруашылық жүргізуші субъектілері келісім-шарттар (шарттар) жасасу кезінде төлемдерімен квоталанбайтын және салық салынбайтын өнімдер бойынша өзара жөнелтілімдердің номенклатурасын және көлемін анықтай алады.

Жақтар тауарлар жөнелтілімдеріне, қызмет көрсетуге, ғылыми-техникалық ынтымақтастықты жүзеге асыруға екі жақты келісім-шарт (шарт) жасасуға жәрдемдеседі.

Келісім-шарттардың (шарттардың) орындалуы үшін жауапкершілік субъектілерге, оларды жасаушыларға жүктеледі.

4 Бап

Министрліктер (ведомстволар) _____ кәсіпорындары

_____ (кәсіпорындар бірлестіктері)

_____ (Тәуелсіз Мемлекеттер
Достастығына қатысушы - мемлекеттер) және министрліктер (ведомстволар)

_____ (кәсіпорындар бірлестіктері)

_____ (Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына

қатысушы - мемлекеттер) арасындағы түпкі өнім өндіру және технологиялық байланысты өндірістің қалыпты жұмысын қамтамасыз ету үшін қажетті шикізаттар, материалдар, тораптарды, бөлшектер, қосалқы бөлшектерді, жартылай даяр өнімдер, жартылай өңделген өнімдер, құрастырушы және басқа да бұйымдарды өзара кооперациялық жолмен қою, жобалау, жөндеу жұмыстары, техникалық қызмет көрсетулер, технологиялық операцияларға және салалық (салааралық) мақсаттағы басқа да қызмет көрсетулері шаруашылық жүргізуші субъектілердің келісілген тізімдері, олар шығарған өзара жеткізілім тауарларының (номенклатурасы және көлемі бойынша) және 1-4 қосымшаларға сәйкес қызмет көрсету түрлерінің тізімі бойынша жүзеге асырылады.

Осы Келісімнің және оған тіркелген тізімнің негізінде шаруашылық жүргізуші субъектілер кооперациялық тауарлар жеткізілімі және қызмет көрсету туралы келісім-шарттар (шарттар) жасасады.

Жақтардың шаруашылық жүргізуші субъектілері арасында өзара есеп

айырысу тәртібі үкіметаралық күші бар келісімдермен және Жарлықтардың заңдарымен анықталады.

5 Бап

Жақтардың кәсіпорындары және ұйымдары арасында кооперациялау бойынша

тауарларды жеткізу мен кедендік ресімдеудің жалпы тәртібі мемлекет тарапынан ұлттық нормативті құжаттармен реттеледі

_____ Үкімет бекіткен
Ереже, _____ 1994 жыл. N _____ мемлекет

тарапынан _____, Үкімет бекіткен
Ереже _____ N _____.

Осы Келісімнің шегінде жүктерді тасымалдау әрбір Жақтың аумағында күші бар тарифтер бойынша жүзеге асырылады.

Жақтар кооперациялау бойынша жеткізілетін тауарларға белгіленетін рентабельдіктің шекті деңгейін жақындату бойынша кеңес өткізеді.

6 Бап

Жақтар кооперациялау бойынша жеткізілетін тауарларға белгіленетін рентабельдіктің шектеулі деңгейін жақындату бойынша кеңес өткізбейді.

7 Бап

Жақтар үшінші Жаққа оның ішінде шетелдік жеке, заңды тұлғаларға және халықаралық ұйымдарға кооперация бойынша жөнелтілген өнімдерді, ол туралы ғылыми және техникалық ақпараттарды, зерттеу нәтижелерін сатпайды немесе бермейді, сондай-ақ өнертапқыштықты, "ноу-хауды" алдын ала өзара келісімінсіз қ о л д а н б а й д ы .

8 Б а п

Осы Келісімге сәйкес өнімдерді жеткізу кезінде кәсіпорындар арасында туындауы мүмкін барлық даулы мәселелер сыртқысауда келісім-шарттарында (келісімдерінде) көзделген жағдайлармен шешіледі. Жақтар, Жақтардың біреуі көтерме жеткізілім бойынша өз міндетін орындамаған кезде кооперацияланған жеткізілім көлемін алдын ала хабарлап, қайта қарау құқығын сақтайды.

Жақтар мамандандырылудағы өзгерістер, өнімдердің өндірістен алынуы немесе осы Келісім күші мерзімінің бітуіне жыл қалғанға дейін өнімдерді тұтынудан бас тарту туралы бір-біріне хабарлайды.

9 Бап

Жақтар осы Келісімнің жүзеге асуы үшін екіжақты жұмыс топтарын құрады. Осы Келісім қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді. Келісім Жақтардың келісуі бойынша өзгертілуі немесе тоқтатылуы мүмкін.

10 Бап

Осы Келісім _____ жыл бойы күшіне ие және егер Жақтардың ешқайсысы келісімнің бітуіне алты ай қалған уақыттан кешіктірмей, осы Келісімнің күшін тоқтату жөнінде қалайтыны туралы өтініш жасамаса келесі жылға автоматты түрде ұзартылады.

қ. 1994 жылы
екі данада,
екі тілде жасалынды,
екі мәтіннің де
күші бірдей

ҚОЛЫ

ҚОЛЫ

Қазақстан Республикасы
_____ министрлігі
(ведомствосы) мен _____
Республикасының _____
министрлігі (ведомствосы)
арасында кәсіпорындардың
мамандандырылуын сақтау және
өзара кооперациялық
жеткізілімдер туралы Үлгілік
салалық келісімге
1995 жылғы "___" _____
N 1 Қосымша
2.10.95. Бұйрық N 132 П

Келісімнің күші бар мерзімге мамандандырылуды сақтайтын
кәсіпорындар _____
(ТМД мемлекетінің атауы)

Тізімі

атауы, орналас. | бойынша | коды | бойынша өлшем |
қан жері | тауарлар атауы | | бірлігі |

1		2		3		4		5
---	--	---	--	---	--	---	--	---

Қазақстан Республикасы
_____ министрлігі
(ведомствосы) мен _____
Республикасының _____
министрлігі (ведомствосы) арасында
кәсіпорындардың мамандандырылуын
сақтау және өзара кооперациялық
жеткізілімдер туралы Үлгілік
салалық келісімге
1995 Қосымша " ____ " _____
N 2 Қосымша
2.10.95. Бұйрық N 132 - П

Келісімнің күші бар мерзімге мамандандырылуды сақтайтын
Қазақстан Республикасы кәсіпорындарының
Тізімі

Кәсіпорынның | СЭҚ ТН | СЭҚ ТН | СЭҚ ТН | Ескерту
атауы, орналас. | бойынша тауар. | коды | бойынша |
қан жері | лар атауы | | өлшем бірлігі

1		2		3		4		5
---	--	---	--	---	--	---	--	---

Қазақстан Республикасы
_____ министрлігі
(ведомство) мен _____
Республикасының _____
министрлігі (ведомствосы)
арасында кәсіпорындардың
мамандандырылуын сақтау және

өзара кооперациялық жеткізі.
лімдер туралы Үлгілік салалық
келісімге
1995 жылғы "___" _____
N 3 Қосымша
2.10.95. Бұйрық N 132-П

Үкіметаралық келісім шегінде Қазақстан Республикасы
кәсіпорындарының жеткізетін тауарларының
Тізімі

Кәсіпорынның атауы, орналасқан жері		СЭҚ ТН бойынша тауарлар атауы		СЭҚ ТН коды бірлігі		СЭҚ ТН бойынша өлшем		Ескерту
---	--	--------------------------------------	--	-----------------------------	--	--------------------------	--	---------

1		2		3		4		5
---	--	---	--	---	--	---	--	---

Қазақстан Республикасы
_____ министрлігі
(ведомствосы) мен _____
Республикасының _____
министрлігі (ведомствосы)
арасында кәсіпорындардың
мамандандырылуын сақтау және
өзара кооперациялық жеткі.
зілімдер туралы Үлгілік
салалық келісімге
1995 жылғы "___" _____
N 4 Қосымша
2.10.95. Бұйрық N 132 - П

1995 жылға _____ N _____
Үкіметаралық келісім шегінде

(ТМД мемлекетінің атауы)
кәсіпорындарының жеткізетін тауарларының
Тізімі

Кәсіпорынның | СЭҚ ТН | СЭҚ ТН | СЭҚ ТН | Ескерту
атауы оның орна. |бойынша тауар.| коды |бойынша |
ласу орны |лар атауы | |өлшем бірлігі

1 | 2 | 3 | 4 | 5

ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің

кәсіпорындарының өндірістік
кооперациясын дамытудың жалпы
жағдайлары және қолдау тетігі
туралы Келісімге сәйкес Қазақстан
Республикасы кеден шекарасы
туралы Ережеге
2 Қосымша
2.10.95 Бұйрық N 132 -П

Салалық келісімнің шегінде
әкетілетін тауарлардың
тізімі N 1 _____ N _____ 1995 ж.
Уәкілдігі бар адамның атауы _____

кеден органы _____

Жеткізу.|Алушы| СЭҚ ТН | СЭҚ ТН | СЭҚ ТН |Саны| Ескерту
ші | |бойынша тауар. коды |бойынша | |
| |лар атауы | |өлшем | |
| | |бірлігі | |

1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7

Салалық келісімнің шегінде
әкелінетін тауарлардың
тізімі N 2 _____ N _____ 1995 ж.
Уәкілдігі бар адамның атауы _____

кеден органы _____

Жеткізуші Алушы	СЭҚ ТН	СЭҚ ТН	СЭҚ ТН	Саны	Ескерту
	бойынша тауар. коды		бойынша өлшем		
	лар атауы		бірлігі		

1		2		3		4		5		6		7
---	--	---	--	---	--	---	--	---	--	---	--	---

ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің

кәсіпорындары және қалаларының
өндірістік кооперациясын дамытудың
жалпы жағдайлары және қолдау тетігі
туралы Келісімге сәйкес Қазақстан
Республикасы кеден шекарасы
арқылы тауарларды өткізу тәртібі
туралы Ережеге
3 Қосымша
Бұйрық N 132-П 2.10.95

Өндіріс кооперациясы туралы келісімге сәйкес

әкетілген (әкелінген) тауарлар туралы
анықтама

1995 жылға _____ N _____ Келісім _____
(уәкілдігі бар адамның атауы)

NN СЭҚ ТН СЭҚ ТН СЭҚ ТН (Алматы қ. (КЖД % Қосымша
р/с бойынша бойынша бойынша ж. облысы бойынша)
тауар коды өлшем КБ ж. КЖД әкетілген
атауы бірлігі бойынша (әкелінген
тіркелген тауардың
тізбелер. іс
мен)әкетіл. жүзіндегі
ген (әке. саны
лінген)
тауар саны

1 2 3 4 5 6 7 8

ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің

кәсіпорындары және салаларының
өндірістік кооперациясын дамытудың
жалпы жағдайлары және қолдау тетігі
туралы Келісімге сәйкес Қазақстан
Республикасы кеден шекарасы
арқылы тауарларды өткізу тәртібі
туралы Ережеге
4 Қосымша
Бұйрық N 132 П 2.10.95

Өндіріс кооперациясы туралы келісімге сәйкес әкетілген
(әкелінген) тауарлар туралы анықтама

NN	СЭҚ	ТН	СЭҚ	ТН	СЭҚ	ТН	(КЖД бойынша)
р/с	бойынша	бойынша	бойынша	бойынша	әкетілген	(әкелінген)	
тауар	атауы	коды	өлшем	бірлігі	тауардың	іс жүзіндегі	саны

1	2	3	4	5
---	---	---	---	---

ОҚЫҒАН:

Багарова Ж.А.